

Нұра ауданының білім беру бөлімі

Әдістемелік кабинеті

«Пушкин негізгі орта мектебі»

Келісілді:

Нұра ауданының білім беру бөлімі

жағындағы әдістемелік кеңесінде

№ _____ хаттамасы

« _____ » _____ 2021 ж.

А.Э. Қайрбекова



Вариативтік курсының бағдарламасы

Топ: «Құлыншак» шағын орталық

Атауы: «Шебер қол»

Аптасына: 1 сағат

Сағат саны: 36 сағат

Құрастырған: Сабирова Гүлден Сағындыққызы – санатсыз, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту тәрбиешісі.

2021-2022 оқу жылы

Түсінік хат.

Ұсынылып отырған вариативті компонент «Шебер қол»

балаларға қосымша білім беруде баланың білімін, шеберлігін көрсету. Баланы шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

Балаларды шығармашылыққа тарта отырып, он саусағынан өнері тамған дарынды баланы тәрбиелеу. Шәкірттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету. Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру. Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу.

Қазір ел болып егемендік алып, көк туымыз желбіреп, әлемдегі тұрағы биік елдермен терзесі тең өмір сүріп келеміз. Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Елімізді - 2030 жылы «Ақ барысқа» айналдыратын күш - бүгінгі оқушы балалар екені де анық. Сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу, үйрету аса қажет. Жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді.

Олай болса, біздің басты міндетіміз жаңа заман ғылымының мол жетістіктерімен қаруланған, мәдени дүние танымы, көзқарасы қалыптасқан бәсекеге қабілетті дарынды балаларды тәрбиелеу.

Қолөнер үйірмесі өнер мен білім беру ісін бір - бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейрімділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлік екендігі адамның адамгершілік дүние танымын қалыптастырып үйрету.

Бұл бағдарламаны жасауда балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты 4-5 жастағы балаларға арналған. Жоспарланған жұмыстың түрлері: әңгімелесу, талдау, теориялық, машықтық, жеке, топтық, технологиялық нұсқау карталар, үлгі суреттер арқылы орындалуы жүзеге асырылады.

Балалар өздерінің бағдарламаға сай жасаған туындыларының нәтижесін көрмеде көруі.

Бағдарламаны жүзеге асырудың қорытынды түрі балабақшаларға көрмеге жұмыстарды шығару.

Қажетті қажетсіз заттармен жұмыс жасау үйретіледі. Бағдарлама түрлі әдіс - тәсілдер арқылы жүзеге асырылады.

Балалардың өздігінен ізденіп, ұмыт болып бара жатқан өнерді қайта жандандырып, оның шығу тарихын, қалай пайда болғанын түсініп ғана қоймай, оларды өз қолдарымен жасап, сәндік - қолданбалы өнерді қайта жаңартуға, оған жаңа мазмұн беруге баулу.

Үйірме жұмыстарының үстімен, әр балаға дара ерекшеліктерін нақтылай отырып, балалардың бейнелі ойлай білу, өз ойларын өнер туындысына айналдыра білу, шығармашылық, жаңашылдық мүмкіндіктерін дамыту.

Баланың бойындағы қабілет пен дарынды зерттеу және дамыту арқылы, тиянақтылыққа, табандылыққа тәрбиелей отырып бастаған ісін аяқтап шығуға дағдылануға үйренеді.

Ата - баба мұрасын бала бойына ұлттық өнер үлгілері арқылы сіңіріп, күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым ұлттық нақышта бұйымдарды жасау әдістерін меңгеруге үйренеді.

Жұмыс орнын дұрыс ұйымдастыруға, өндіру материалдарын үнемді пайдалана білуге, еңбек мәдениеті мен еңбекті қорғаудың бастапқы элементтерін меңгертуге бағыттау.

Баланың бейнелі ойлау, өз ойындағыны нобай, сурет, сұлба, сызбалар мен жазықтыққа шығара білу қабілеттерін қалыптастыру.

Бұйым жасаудың тиімді әдіс - тәсілдерін, технологиясын пайдалануды игерту арқылы балалардың шеберлігін арттыру.

Қалдық материалдардан көркем бұйымдар, макеттер жасау арқылы оларға екінші өмір сыйлауға, қоршаған ортаны ластанудан қорғауға тәрбиелеу болып табылады.

Бағдарламаның мақсаты:

Балаларға қосымша білім беруде оқушының білімін, шеберлігін көрсету. Оқушыны шығармашылық жұмысқа тарту арқылы танымдық қабілеттерін, қызығушылығын арттыру, жетістіктерін бағалап көрсету, белсенділігін қалыптастыру, өздігінен еңбек етуге дайындау, іскерлігін дамыту.

Бағдарламаның міндеті:

Оқушыларды шығармашылыққа тарта отырып жобаны тани білуге, он саусағынан өнері тамған баланы тәрбиелеу. Шәкіттердің шеберлігін, білім мен еңбегін көрсету.

Іскерлік, икемділік қабілеттерін арттыру.

Тәрбиелік дағдысын жеткізіп, еңбектену жұмысына төзімділігін жеткізу.

Қазір ел болып егемендік алып, көк туымыз желбіреп, әлемдегі тұрағы биік елдермен терезесі тең өмір сүріп келеміз. Қай заман, қай қоғамда болсын адамзат баласы жас ұрпақ тәрбиесіне зор мән берген. Елімізді-2030 жылы «Ақ барысқа» айналдыратын күш - бүгінгі оқушы балалар екені де анық.

Сапалы білім берумен қатар еңбекке баулу, үйрету аса қажет. Жастарымыздың өнерлі болуы қоғамдық өмірімізге үлкен әсерін тигізеді деп ойлаймын.

Олай болса, біздің басты міндетіміз жаңа заман ғылымының мол жетістіктерімен қаруланған, мәдени дүние танымы, көзқарасы қалыптасқан бәсекеге қабілетті маман жастарды тәрбиелеу.

Қолөнер үйірмесі өнер мен білім беру ісін бір-бірімен ұштастырып, бала санасына ұялатуда үлкен жүрек, мол мейрімділікпен қоса кәсіби дарын, іздемпаздық, іскерлік екендігі адамның адамгершілік дүние танымын қалыптастырып үйрету.

Жұмсақ бейне ойыншықтар бөлімінде жұмсақ ойыншықтар жасау технологиясы үйретіледі.

Жапсырмалау жұмысы бөлімінде қағаз, мата, былғары, түрлі-түсті қағаздан ертегілер әлемінен көрініс құрастыруға үйретіледі.

Былғарымен жұмыс жасау бөлімінде былғарыны тазалау, бояу, пішу, одан әртүрлі бұйымдар жасау үйретіледі.

Ою-өрнек бастырмалар бөлімінде ою-өрнектің үлгілерін жасау, ою жиегін кестелеу әдістері үйретіледі.

Сәндік қолданбалы – өнер элементтері бөлімінде шолпы, алқа, білезік, тұмарша бұйымдарын жасау үйретіледі.

Су моншақ тоқып үйрену бөлімінде моншақпен бұйымдар кестелеу, моншақпен кестелеу жұмыстарына үйретіледі.

Тоқыма-өнері бөлімінде тоқу әдістеріне үйретіледі.

- **Күтілетін нәтижелер:**
- - жануарлардың пішінін бейнелей алады;
- -көлемі бойынша заттар мен нысандардың арақатынасын ескеріп, композициялар жасай алады;
- - жолаққа геометриялық пішіндер мен өсімдік өрнектерінен өрнектер жасай алады;
- -қайшыны дұрыс ұстайды және оны пайдалана алады;
- -ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысады;

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Күні
1	Қағаз не туралы айтты?	Қағаздың түрлерін өз беттерінше ажытатып, атауға үйрету.	1	02.09.2021
2	Конвертке салынған ашық хат.	Қатырма қағаз парағының бұрыштарын симметриялы бүктеу.	1	09.09.2021
2	Керемет үй	Картон дайындамалар өндіру үлгіну пайдаланып, ой қабілеттерін дамыту.	1	16.09.2021
3	Әжемнің орамалы	Түрлі түсті қағазды үшбұрыштап бүктеу және оны әшекейлеу арқылы орамал жасау.	1	23.09.2021
4	Әтеш	Емен таяқшасынан, ермексаздан, кепкен жапырақтан әтеш бейнесін жасауға үйрету.	1	30.09.2021
5	Түрлі-түсті қағаздан тышқан жасау	Балалардың шығармашылық қабілеттерін, өз бетімен жұмыс жасау дағдыларын дамыту, дөңгелек, үшбұрыш, т.б. фигураларды еппен қиюларын қадағалау, қайшыны дұрыс ұстауларын үйрету және шығармашылық іскерліктерін арттыру;	1	07.10.2021
5	«Менің сүйікті конжығым»	Қара қоныр түсті қағаздардан дөңгелек сопақша пішіндер қиып, құрастыру арқылы жапсыру.	1	14.10.2021
6	Күшік	Картон дайындамалар өндіру үлгіні пайдаланып, күшік жасау.	1	21.10.2021
7	«Күзгі саңырауқұлақтар»	«Папье-маше» әдісі арқылы саңырауқұлақ бейнесін жапсыру.	1	28.09.2021
8	Күз	Күзгі жапырақтарды қағаздан умаждап жасау.	1	04.11.2021
8	Қағзбен жұмыс жасауға арналған қажетті құралдар	Қағазбен жұмыс жасайтын құралдармен таныстыру. Есте сақтау қабілеттерін арттыру	1	11.11.2021

9	Жасыл алма	"Папье - маше" әдісі арқылы алма жсап, бояу.	1	18.11.2021
10	«Ас атасы нан»	"Папье - маше" әдісі арқылы бауырсақ жсап, бояу.	1	25.11.2021
11	Алтын дән	Дәнді дақылдарды пайдалана отырып ұқыпты жұмыс жасауға үйрету.	1	02.12.2021
12	«Менің мысығым»	Оригами әдісі арқылы мысықты жасау.	1	09.12.2021
13	Жол белгілері	Қажетсіз материалдармен жұмыс жасау.	1	16.12.2021
14	Жүк таситын машина	Сіріңке қорапшасынан жүк машинасын жасауға үйрету.	1	23.12.2021
15	Қамшы өру	Таяқша мен үш түсті жіпті пайдалана отырып, қамшы өруге үйрету	1	30.12.2021
16	Балапан	Сары түсті қағаздан жұлмалау арқылы саусақ маторикасын дамыту.	1	06.01.2022
17	Аю	Дайын үлгідегі аюды қатты қағаздан конус жасап, жапсыру.	1	13.01.2022
18	Балапан	Сары түсті қағаздан жұлмалау арқыны саусақ маторикасын дамыту.	1	20.01.2022.
19	Аю	Дайын үлгідегі аюды қатты қағаздан конус жасап, жапсыру.	1	27.01.2022
20	Емен ағашы	Қағаздан емен ағашының бейнесін жапсыру.	1	03.02.2022
21	Күшіктің үйшігі	Картон мен түрлі-түсті қағаздармен үйшік жасау.	1	10.02.2022
22	Тұқым салатын қапшық	Цилиндр пішіндерден тұқым салатын қапшық жасау	1	17.02.2022
23	Әдемі ұшақтар	Түрлі түсті қағаздардан бүктеу тәсілдері арқылы, ұшақты әшекейлеу. Ұшақ жайлы түсініктерін білдіретін.	1	24.02.2022
24	Желкенді қайық	Қағазды қос бүктеу тәсілі арқылы қиып, жапсыру дағдыларын қалыптасыру.	1	03.03.2022
25	Жиһаз	Сіріңке қорабынан түрлі зат-	1	10.03.2022

		тарқұрастыра білуге үйрету, құрастырған заттар туралы әңгімелеп беруге, сөздік қорларын дамытуға тәрбиелеу.		
26	Аққала	Умаждау тәсілі арқылы аққаланы қағаздан жасау.	1	17.03.2022
27	Ұлпа қарлар	Техникамен танысу «Папье маше»	1	24.03.2022
28	Мерекелік маскалар	Қатты қағаздан қоян маскасын жасау	1	31.03.2022
29	Қолғап	Бөліктеп қию тәсілі арқылы бес саусаққа қолғап жасау.	1	07.04.2022
30	Шырша	Пішінді конусты картоннан шырша жасап үйрену және безендіре білу.	1	14.04.2022
31	Шырша ойыншықтары	Түрлі түсті қағаздан әшекейге арналған жалаушалар жасау.	1	21.04.2022
32	Бағдаршам	Қораптан жасалған дайын бағдаршамға көздерін жапсырып, таяқшасын жасау.	1	28.2022
33	Жалаушалар	Көк түсті картоннан жалауша жасауға үйрету.	1	05.05.2022
34	Аквариумдағы балықтар	Аквариумды көк түсті қағаздан ұсақтап бейнелеу, балықты оригами тәсілі арқылы жасау.	1	09.05.2022
35	Зымыран	Оригами әдісі арқылы зымыран жасап қатты көгілдір түске жапсыру.	1	12.05.2022
36	Қанқыз	Қатты қағаздағы қанқыздың бейнесін түрлі түсті қағазбен жұлмалап жапсыру.	1	19.05.2022